

Таким образом, пропаганда духовных ценностей через празднование национальных праздников с раннего возраста имеет стратегическое значение для сохранения и укрепления культурного и нравственного наследия. Это не только способствует формированию гармоничной личности, ориентированной на уважение традиций и этических норм, но и создает условия для устойчивого развития общества, поддерживая стабильность и духовное единство в долгосрочной перспективе.

Список использованной литературы:

1. Глава государства провел третье заседание Национального курултая — Официальный сайт Президента Республики Казахстан—URL: <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-trete-zasedanie-nacionalnogo-kurultaya-1525841>
2. Асанбаева А.Е. Историческая преемственность в духовной культуре казахского общества XV-XVIII вв. теоретико-методологические проблемы. – Алматы 2010г. – с. 36
3. Уважение к старшим, гостеприимство и знание своего рода - три нити, из которых плетется узор казахской жизни | Золотая Орда — интернет-журнал—URL: <https://zolord.ru/articles/857>
4. Казахская национальная одежда – настоящая одежда кочевников—URL: <https://www.advantour.com/rus/kazakhstan/culture/clothes.htm>
5. Культура и традиции в Казахстане—URL: <https://welcome.kz/ru/kazakhstan/culture>

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ: САҚИНА, ЖҮЗІКТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН МӘНІ

Болатова А.Б.
Ғылыми жетекші: PhD доктор Есен.С.Ғ.
abakdzanova@gmail.com
Астана Халықаралық Университеті
Астана қ.

Қазақ халқының мәдени мұрасы терең тарихи тамырларға ие. Соның ішінде зергерлік өнер – ұлттық болмысымыздың айрықша бір қыры. Әшекей бұйымдары қазақ әйелдерінің күнделікті өмірінде ғана емес, сонымен қатар олардың рухани әлемінде ерекше орын алған. Әсіресе сақина мен жүзіктер халқымыздың тұрмыс-салтындағы маңызды элементтердің бірі болып саналады.

Сақина мен жүзіктер тек әшекей ретінде ғана емес, әлеуметтік мәртебені, отбасыдағы орынды, рухани қорғанысты және эстетикалық талғамды бейнелейтін символ ретінде қолданылған. Олар қазақ қоғамының мәдениеті мен дәстүрінің ажырамас бөлшегі болған. Әрбір сақина түрінің өзіндік мән-мағынасы, жасалу ерекшеліктері мен қолданылу салттары бар.

Қазіргі уақытта да сақина мен жүзіктер ұлттық мәдениеттің символы ретінде өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оларды зерттеу – қазақ халқының рухани және мәдени байлығын тереңірек түсінуге жол ашады.

Осы мақалада қазақ халқының зергерлік өнеріндегі сақина мен жүзіктердің түрлері, олардың символикалық мәні, жасалу техникасы және халық өміріндегі орны қарастырылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі дәстүрлі мәдениеттің қазіргі заманмен сабақтасып, қазақ өнерінің жаңғыруына үлес қосуында жатыр.

Халық арасындағы сақина мен жүзіктің алатын орыны, маңызы. Сақина мен жүзіктер әйелдердің күнделікті және салтанатты өмірінде сәндік аксессуар ретінде қызмет етті. Олардың өрнегі, тасы және материалы қолданушының жасын, мәртебесін және әлеуметтік жағдайын көрсеткен.

Материалдардың символизмі: Күмістен жасалған бұйымдар тазалық пен адалдықты білдірсе, алтын жүзіктер байлықтың және жоғары әлеуметтік мәртебенің белгісі болған. Сондай-ақ, асыл тастардың түсі мен түрі әйелдің денсаулығын қорғау, сәттілік әкелу сияқты қасиеттермен байланыстырылды.

Өрнектердің мәні: Қазақ зергерлері жүзіктерге ою-өрнектер түсіріп, олардың әрқайсысына терең мағына жүктеген. Мысалы, қошқар мүйіз өрнегі байлық пен молшылықты білдірсе, гүл тәрізді өрнектер табиғаттың үйлесімін көрсеткен.

Қоғамдағы рөлі: Жүзіктер әйелдердің жасына қарай әртүрлі болуы мүмкін. Жас қыздарға қарапайым, күмістен жасалған жүзіктер ұсынылса, егде жастағы әйелдерге күрделі өрнектермен және қымбат тастармен безендірілген жүзіктер берілген. Бұл дәстүр әйелдің мәртебесін айқындап, оның отбасындағы орнын көрсеткен.

Сақиналардың материалдар мен жасалу техникасы: Сақиналар әшекей мәнеріне, көздерінің бейнелеріне қарай да әртүрлі аталады. Мысалы, тасты сақина, моншақты сақина, кавказ сақина, құсмұрын сақина, ырғақ сақина, бұрамалы сақина және т. б. Балдақтарды ондай түрлеріне бөліп атамайды. Тек алтын балдақ, күміс балдақ дейді. Сақиналар көбінесе сом күмістен соғылады. Көзді сақинадан бөлек соғып, қалыпқа салып өрнектеп алады да, балдағына дәнекерлеп бекітеді. Кейде көзді ұялап жасап, оған жарқы рауық тас, шыны орнатады. Сақина, сырғалардың көздеріне қазақ шеберлері дайын күйінде сатып әкелінген мынадай тастарды пайдаланған: теңбіл тас (сланец пятнистый), су тас (хрусталь), көк тас (малахит), құлпырма тас

(перламутр), құбыл тас (александрид), зүбіржат (изумруд), жақұт (яхонат), лағыл (рубин), жаркырауық тас (самоцвет), гауһар(бриллиант), ақ тас және янтарьды пайдаланған. [1.147 б]

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейінің бірі әйелдерге арналатын әр түрлі сақина мен жүзіктер. Сақинаны, көбінесе, күмістен, кейде алтыннан жасатады. Сақинаның жасалуы жүзікке қарағанда оңай. Өйткені, оның сыртына шапқымен шеку, бізбен безеу әдісімен орындалатын қарапайым ою-өрнектерден басқа ештеңе жүргізілмейді, кейде тіпті, ешбір ою-өрнек сіз жасалатындары да аз емес. Ал, жүзік жасау анағұрлым күрделі және оның сан алуан түрлері болады. Жүзіктің үстіңгі бетіне әр түрлі асыл тастардан, түсті шынылардан немесе күмістің өзіненкөз, балдақ, отау, құс тұмсық орнатылады. Бұлқосымша мүсіндер жүзік сақинасының үстіңгі жағына дәнекерленеді. Қазақстанның батысы мен оңтүстік-батысында құдағи жүзік деп аталатын өте көлемді және аса сәнді жүзік жасалады. Мұның бауырында екі саусаққа бірдей кигізетіндей қосарланған екі сақинасы болады. Ал, жүзік беті көлемді келеді. Сонымен бірге асыл тас, түсті шыныға қоса, міндетті түрде, алтындалып әсемделеді. Мұның құдағи жүзік аталу себебі де бар. Әдетте, оны ұзатыл ған қыздың енесіне, яғни құдағиларына бір жылдан соң тарту ету үшін арнайы жасатады. Бірақ, барлық құдағиларға бірдей мұндай дәстүрлі тарту жасалмайды. Құдағи жүзік жаңа түскен келініне аналық мейірім шуағын төге білген парасатты құдағиларға ғана сыйға тартылатын дәстүрлі сыйлық. Оны, әдетте, оң қолының ортаңғы екі саусығына кигізгенде, төрт саусақ сыртын түгелге жуық жауып тұрады [2, 185].

Қазақ сақиналары мен зергерлік өнерін зерттеген ғалымдар бірнеше маңызды еңбектер қалдырған. Төменде олардың тізімі мен зерттеу бағыттары берілген:

1. Әлкей Марғұлан:Қазақтың зергерлік өнері мен қолданбалы өнерін зерттеді. Ол сақиналар мен басқа да әшекей бұйымдардың жасалу тәсілдері мен мәдени мән-маңызын қарастырды. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы зерттеулерінде ұлттық ою-өрнек пен әшекейлердің символикалық мәнін талдады.

2. Өмірбек Бекмаханов:Қазақтың этнографиялық ерекшеліктерін зерттеді. Оның еңбектерінде дәстүрлі киімдер мен әшекей бұйымдар, соның ішінде сақиналардың әлеуметтік және мәдени маңызы айқындалды.

3. Сәрсен Әмірғазин:Қазақ зергерлік өнері бойынша артефактілерді зерттеп, олардың түрлері, стильдері және өңдеу технологияларын саралады. Ол аймақтық ерекшеліктер мен стильдік өзгешеліктерді де көрсетті.

4. Халел Арғынбаев:Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениетіне арналған этнографиялық еңбектерінде зергерлік бұйымдардың тұрмыс-салттағы орнына ерекше тоқталды.

5. Тәттігүл Қартаева:Қазақ әйелдерінің әшекей бұйымдарын (сақина, білезік, сырға және т.б.) гендерлік және әлеуметтік тұрғыда зерттеді. Әшекейлердің адам өміріндегі ритуалдық мәнін талдады.

6. Гүлнар Қосмамбетова:Қазақ зергерлік өнерінің аймақтық стильдерін зерттеген. Әсіресе күміс бұйымдар мен олардың жасалу технологиясы бойынша зерттеулері белгілі.

7. Л.И. Ремпель:Орта Азия халықтарының зергерлік өнерін зерттеген кеңестік этнограф. Оның еңбектері қазақ зергерлігінің басқа көршілес халықтардың өнерімен байланысын көрсетеді.

8. Зейнеп Ахметова:Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық әшекейлеріне қатысты кітаптар мен мақалалар жазып, әшекейлердің тәрбиелік және танымдық қырларын талдаған.

Сақина мен жүзіктің айырмашылығы

Саусақ сұғатын шеңбері таза алтын, күмістен соғылып , саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз салынған сақина. Жүзік, әдетте, бір саусаққа салу үшін жасалады. Дегенмен, қазақ тұрмысында екі , үш, тіпті төрт саусақты қатар сұғып киетін бірнеше сақинадан тұратын, үсті тұтас, аса қомақты жүзік түрлері де болған

Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінен, әсіресе сақ мәдениеті, қазақ хандығының дәуірі, және ғұндар мен түркілердің кезеңі сияқты мәдениеттерден жүзіктер мен сақиналар табылған.

Пазырық қорғандары (Шығыс Қазақстан) — сақтардың мәдениеті мен діни сенімдерін көрсететін көптеген алтын әшекейлер, оның ішінде жүзіктер мен сақиналар табылған. Бұл әшекейлер көбінесе көне түркі дәуірінің салттары мен сәнді мәдениетін сипаттайды.

Қарғалы, Бестама, Шілікті қорғандарынан да сақтар мен ғұндардың сақиналары табылған. Әшекейлер көбінесе қола, алтын және күмістен жасалған, діни немесе әскери символикаға ие болуы мүмкін.

Қазақтардың әрбір әшекей бұйымдарының сырлары мен мән-мағынасы бар. Әрбір жасалған сақина мен жүзіктердің рухани,мәдени мән-мағынасы болды.Оған дәлел құсмұрын сақина,құдағи жүзік.,көзді жүзік және т.б. Қазақ халқының сақина мен жүзіктер тек әшекей ғана емес,халқымыздың рухани болмысын көрсететін құнды мұра болып табылады.

Қазақ халқының сақина мен жүзіктері – тек сәндік бұйымдар ғана емес, сонымен қатар терең мән-мағынаға ие, дәстүрлі мәдениеттің ажырамас бөлігі. Әрбір сақина түрі өзінің ерекше дизайны, қолданылған материалы және өрнектері арқылы белгілі бір символдық мағынаға ие. Олар әйел адамның сұлулығы мен мәртебесін көрсету, отбасы мен қоғамдағы орнын айқындау, сондай-ақ жаман көзден қорғау сияқты мақсаттарды көздейді. Сақиналар қазақтың бай тарихын, дәстүрін және әдет-ғұрыптарын білдіретін маңызды мәдени мұра ретінде сақталып келеді. Мәдениет пен дәстүрдің тірі куәсі бола отырып, сақиналар өткеннен бүгінге дейін халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын танытады.

1-кесте

Атауы	Сипаты	Мағынасы	Материалы
Құдағи жүзік	Үлкен әрі сәнді жүзік, көбіне екі бөлікке бөлінген	Құдалар арасындағы сыйластық белгісі.	Күміс, алтын, түрлі қымбат тастар.

	және ою-өрнекпен безендірілген.	Қыздың ұзатылу кезінде құдағиға сыйға беріледі.	
Бесбілезік	Бес сақина бір-біріне қосылып, білезік сияқты сәнделген.	Әлеуметтік мәртебенің, әулеттік дәстүрдің символы.	Күміс, алтын, зергерлік тастар
Тасты жүзік	Ортаңғы бөлігінде қымбат тастары бар жүзік.	Қыз-келіншектердің сұлулығы мен нәзіктігінің белгісі	Нефрит, гранат, лағыл, жқұт тастары
Қыз жүзігі	Жас қыздарға арналған шағын, нәзік өрнектермен безендірілген жүзік.	Қыздың бойжеткенін білдіретін сәндік бұйым.	Күміс, алтын, кейде мыс.
Балдақ жүзік	Ірі, ауыр, кең жүзік, көбіне ер адамдарға арналған.	Ер азаматтың мәртебесін көрсету үшін тағылады.	Күміс, алтын, сүйек немесе ағаш.
Көзді жүзік	Бір немесе бірнеше көздері бар жүзік (тас көз немесе күміс дөңгелек).	Қорғаныс белгісі ретінде немесе сәндік мақсатта тағылады	Күміс, алтын, түрлі түсті тастар.
Айшықты жүзік	Ай және жұлдыз тәріздес өрнектермен безендірілген жүзік.	Ай мен жұлдыз – өмірдің жалғастығының және тазалықтың символы	Күміс, алтын, кейде қымбат тастар.
Торлақ жүзік	Тор тәрізді өрнектермен немесе желі тәрізді қосылымдары бар жүзік	Ұрпақ жалғастығының, отбасылық байланыстардың символы.	Күміс, алтын
Қос балдақ	Екі сақинаның біріктірілген нұсқасы	Бірлік пен татулықтың белгісі.	Күміс, алтын, кейде ағаш
Шарғы	Ұзын немесе жалпақ сақина түрі, көбіне әйелдерге арналған.	Үлкен кісілердің абыройын білдіреді.	Күміс, алтын.
Төбе сақина	Ортасы күмбез тәрізді, кейде таспен әшекейленген, сәнді әрі үлкен сақина.	Тазалық пен қорғаныстың символы, әйел адамның мәртебесін көрсетеді	Күміс, алтын, түрлі қымбат тастар
Отау сақина	Үй тәрізді ою-өрнекпен безендірілген сақина.	Отбасы мен ошақтың, бірліктің белгісі.	Күміс, алтын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасиманов. С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: "Қазақстан", 1969.
2. Арғынбаев. Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алма-ата: "Жалын", 1976.
3. Шойбеков. Р. Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993.
4. Ибрагимов Т. Казахское прикладное искусство. – Астана, "Елорда" 2005.
5. Сычева Н. Ювелирные украшения народов Средней Азии и Казахстана XIX-XX веков. Из собрания Гос.музея искусства народов Востока. – Москва: Советский художник, 1984

СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПИВОВАРЕННОГО ЗАВОДА «АРАСАН» В ГОРОДЕ КОСТАНАЕ

Вороненко Е.

Научный руководитель: к.и.н., ассоциированный профессор Е.В. Ярочкина
Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұва
voronenko-katya@mail.ru
г. Костанай

Данная статья посвящена изучению становления и развития пивоваренного завода «Арасан» в городе Костанай. В работе анализируются ключевые этапы истории предприятия, начиная с его основания и до современного состояния. Рассматриваются организационные и технологические аспекты, способствующие успеху завода, включая внедрение современных технологий производства. Статья так же будет полезна